

Сын есімнің жасалуы

Сабақтың мақсаты:

а) білімділігі: оқушыларға сын есімнің жасалуы туралы білім беру.

ә) тәрбиелігі: оқушыларды тапқыр да еңбекқор, ойлы болып өсуге тәрбиелеу; әр түрлі тапсырмалар орындау арқылы адамгершілік қасиеттерге, әдептілікке баулу.

б) дамытушылығы: оқушылардың ой-өрісін кеңейту, негізгі, туынды сын есімдердің жасалу жолдарын анықтай білуге дағдыландыру, тірек сөздер арқылы мәтін жазуға жаттықтыру.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын сұрау

Тест жұмысын орындау арқылы

III. Жаңа сабақты түсіндіру

IV. “Семантикалық карта”

V. Дағды мен іс-әрекетті іске асыру

Жаттығулар орындау

VI. Сабақты бекіту

а) тапсырмалар орындау

ә) Венн диаграммасы

VII. Сабақты қорытындылау

“Инсерт кестесі”

VIII. Үйге тапсырма беру

IX. Бағалау

Ұйымдастыру кезеңі

Ал балалар, балалар

Бәрің бері қараңдар.

Шын көңілмен назар сап

Оқысаңдар сабақты

Сендерден шығар даналар

Үй тапсырмасын сұрау

Кім жылдам?

Тест жұмысы

I ҚАТАР

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
а) 5 ә) 9 б) 8
2. Заттың атын білдіретін сөз табы?
а) сын есім ә) сан есім б) зат есім
3. Жалқы есімді көрсет?
а) Көкшетау, Жандос, Айғаным.
ә) Айсұлу, Өзен, Ертіс
б) Балқаш, Айгөлек, Ағаш.
4. Туынды зат есімдер қалай жасалады?
а) жұрнақ арқылы ә) сызықша арқылы
б) түбір тұлғада
5. Заттың түрін, түсін білдіріп тұрған қатарды тап.
а) биік үй, ә) сұр бұлт, б) сараң адам

Тест II ҚАТАР

1. Зат есімнің сұрақтары?

а) кімді? нені? ә) кім? не? б) кімге? неге?

2. Дерексіз зат есімді көрсет?

а) мектеп, ағаш ә) қалам, қағаз б) ақыл, қуаныш

3. Күрделі зат есімдерді табындар?

а) Өнеркәсіп, ата-ана, озат оқушы.

ә) Сарысу, Гүлсары, Күйші.

б) Балқаш, Кітап, Оқушы.

4. Сын есімнің сұрақтары?

а) қалай? қайда?, ә) қай, неге?, б) қандай? қай?

5. Қышқыл қымыз, сын есімнің қай түріне жатады?.

а) заттың дәмі, ә) заттың түрі, б) заттың сапасы.

Тест ІІІ ҚАТАР

1. Зат есім нешеге бөлінеді?

а) 3 ә) 5 б) 2

2. Деректі зат есімді көрсет?

а) сезім, адамгершілік ә) қалам, қағаз б) ақыл, қуаныш

3. Күрделі зат есімдерді табыңдар?

а) Өнеркәсіп, ата-ана, озат оқушы.

ә) Сарысу, Гүлсары, Күйші.

б) Балқаш, Кітап, Оқушы.

4. Сын есімді тап?

а) оқушы, сәби, ә) тар, зерек, б) жазды, оқыды.

5. Қандай? Қай? сұрақтары тән қатарды көрсет.

а) зат есім, ә) сын есім, б) етістік.

I ҚАТАР

1

2

3

4

5

Ә

Б

А

А

Ә

II ҚАТАР

1

2

3

4

5

Ә

Б

А

Б

А

III ҚАТАП

1

2

3

4

5

А

Ә

А

Ә

Ә

“5” – 5

“4” – 4

“3” – 3

“2” – 2

Тәтті

Қызыл

Домалақ



Дәмді

Қышқыл

Анықтамасы

?

Сын есім

*Заттың сынын, сапасын,
дәмін, түсін, көлемін
білдіріп, қандай? қай? деген
сұраққа жауап беретін сөз
табын айтамыз.*

Жаңа сабақты түсіндіру

Сын есім құрамына қарай

Негізгі
сын есім

Туынды
сын есім

**Негізгі сын есім – ешбір
қосымшасыз, түбір
күйінде қолданылады.**

**Мысалы: қара, көк,
таза, жақсы, терең, т.б.**

**Туынды сын есім –жұрнақ
арқылы жасалған сын
есімдер.**

**Мысалы: көшпелі, кешкі,
өнерлі, білімді, т.б.**

Есім сөздерден сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар.

1. **лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті; тау-лы, тас-ты, дене-лі, көрік-ті, өнер-лі т. б.**
2. **-сыз, -сіз: үй-сіз, жер-сіз, қызмет-сіз, жол ас-сыз, ағаш-сыз т. б.**
3. **-ғы, -гі, -қы, -кі: жаз-ғы, іш-кі, сырт-қы, соң-ғы, күз-гі, түн-гі т. б.**
4. **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: азамат-тық, жыл-дық, көлем-дік, күн-дік, өлке-лік, кәметет-тік т. б.**
5. **-шыл, -шіл: жер-шіл, ұйқы-шыл, күлкі-шіл, үй-шіл, сыр-шыл т. б.**
6. **-шаң, -шең: бой-шаң, сөз-шең, киім-шең, тер-шен т. б.**
7. **-дай, -дей, -тай, -тей: үй-дей, қой-дай, арыстан-дай, ат-тай, түлкі-дей**
8. **-кер, -қой, -қор, -паз, -ымпаз, -імпаз: табыс-кер, найза-гер, әуес-қой, сән-қой, бәле-қор, жем-қор, шай-қор, өнер-паз, әсем-паз, жеңім-паз.**
9. **-и, -ы, -і: тарих-и, дін-и, әдеб-и, ресм-и, мәден-и, қазақ-ы, қадмақ-ы, естек-і, (башқұр-лық), алтай-ы, араб-ы т. б.**

Етістіктен сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар:

1. -ғак,, -гек, -қак, -кек, -ак, -ек: ұрыс-қак, тай-ғак, үрк-ек т. б.
2. -ық, -ік, -қ, -к: тол-ық, сын-ық, аш-ық, ақса-қ, сире-к т. б.
3. -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: біл-гіш, жаз-ғыш, көр-гіш, айт-қыш т. б.
4. -ғыр, -гір, -қыр, -кір: өт-кір, ұш-қыр, ал-ғыр, тап-қыр, біл-гір т. б.
5. -шак, -шек: ұрын-шак, жасқан-шак, сүрін-шек, қызған-шак т. б.
6. -ыққы, -іккі, -ңқы, -қкі: бас-ыңқы, көтер-іңкі, шаш-ыңқы т. б.
7. -ынды, -інді, -нды, -нді: жаса-нды, құра-нды, түй-інді, т. б.
8. -малы, -мелі, -балы, -белі, -палы, -пелі: көтер-мелі, таңда-малы, айнал-малы, жылжы-малы, ауыс-палы, көш-пелі т. б.
9. -ымды, -імді, -мды, -мді: жара-мды, шыда-мды, қон-ымды т. б.
10. -аған, -еген: қаш-аған, сүз-еген, теб-еген, қаб-аған т. б.
11. -улы, -улі: қаңтар-улы, іл-улі, ая-улы, ас-улы т. б.
12. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: қыз-ба, бұра-ма, бас-па, боя-ма т. б.

Семантикалық карта

Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар	жаз	тас	сын	ұйқы	бәле	әсем	сүз	ал	жем	аш	сүрін	тау
-ЛЫ,												+
-ТЫ,		+										
-сіз												
-ҒЫ	+											
-ШЫЛ				+								
-қор					+				+			
-паз						+						
-ЫҚ			+							+		
-ҒЫР								+				
-шек:											+	
-еген:							+					

**Дағды мен іс-әрекетті жүзеге асыру.
(оқулықпен жұмыс)**

132-жаттығу (ауызша)

**Негізгі және туынды сын
есімдерді ажыратып айту.**

133-жаттығу (тақтамен жұмыс)

**Негізгі сын есімдерді бір бөлек,
туынды сын есімдерді бір бөлек
жазу.**

134 – жаттығу

Көп нүктенің орнына
берілген сын есім
жұрнақтарының тиістісін
қойып, сөйлем құрап
жазыңдар

137 – жаттығу

Туынды сын есім жасаңдар

Сабақты бекіту

Тапсырмалар орындау

I қатар

Көп нүктенің орнына төмендегі жұрнақтардың тиістісін қойып, туынды сын есім жасаңдар:

Жұқ, көтер, тербел, бас, жылт, кіші, ұрыс, от, көйлек, тұса, жала, тас, тұз, жаз, күз, шоқпар.

Жұрнақтар: -палы, -іңкі, -мелі, -палы, -ыңқы, -рек, -ғыш, -дай, -гі, -ғы, -қақ, -шең, -тай, -мыс, -қор, -ды, -ді.

II қатар

**Туынды сын есімдердің жұрнағын
бір бөлек, түбірін бір бөлек жаз:**

Көргіш. Айлакер. Жалпақ.

Мүйізсіз. Күлкішіл. Ұзынша.

Кішкентай. Ашулы. Ұстамды.

Тершең. Ақшыл. Сұрғылт.

Балалы.

III қатар

Төменде берілген **сын есімдер** мен **зат есімдерді** қатыстырып **сөз тіркесін жаса:**

Сын есімдер: домалақ, жасыл, тұнық, көкала, кішкене, ақ, сары, қызыл, көңілді, қызықты.

Зат есімдер: тастар, шөп, бұлақ, көбелек, балалар, адам, кітап, гүлдер.

ВЕНН ДИАГРАММАСЫ

Зат есім

**Ортақ
белгісі**

Сын есім

**Заттың атын
білдіреді.
Кім? Не?
сұрақтарына
жауап береді**

**Сөз табы
тобы
Атауыш
сөздер
Бір-
бірімен
тіркеседі**

**Заттың сынын,
сапасын, түрін,
көлемін, дәмін
білдіреді.
Қандай? Қай?
сұрақтарына
Жауап береді**

Сабақты қорыту

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Үйге тапсырма беру.

140 – жаттығу: Берілген сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңдар.

141 – жаттығу: Туынды сын есімдердің ішінен етістіктен жұрнақ арқылы жасалған сын есімдерді теріп жазу

142 – жаттығу: берілген туынды сын есімдерді қатыстырып, сөз тіркесін жасаңдар.

Бағалау

*Біле бер қанша білсең, тағы тіле,
Жетерсің мақсатыңа біле-біле.*

Ж.

Баласағұн

Жарайсыңдар!

